

Реформаларды тереңдету және Қазақстан Республикасының уран өнеркәсібі мен атом энергетикасын одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 22 қараша N 1430

Ядролық-энергетикалық кешенді басқарудың тиімділігін арттыру, республикада уран өндірісін одан әрі дамыту үшін жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мемлекет қатысу үлесі жүз процентті құрайтын "Қазатомөнеркәсібі" ашық акционерлік қоғамын құру жөнінде ұйымдастыру шараларын бір ай мерзімде заңға сәйкес жүзеге асырсын:

"Қазатомөнеркәсібі" акционерлік қоғамының жарғылық қорына мүліктік кешен ретінде мына кәсіпорындар енгізілсін: Қызылорда облысының N 6 кен басқармасы, Оңтүстік Қазақстан облысының Степное кен басқармасы мен Орталық кен басқармасы, сондай-ақ "Волковгелогия" акционерлік қоғамының акциялар пакеті;

"Қазатомөнеркәсібі" акционерлік қоғамына "Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін және "КАТЭП ҰАК" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін иелену, пайдалану және басқару жөніндегі құқық берілсін; <*>

<*>

басқарма төрағасы Б.М.Шаяхметовтің және басқарма төрағасының орынбасары В.Г.Язиковтің кандидатурасы "Қазатомөнеркәсібі" акционерлік қоғамы жалпы жиналысының қарауына ұсынылсын;

<*>

тиімді өндіріс қызметін қамтамасыз ету мақсатында "Қазатомөнеркәсібі" акционерлік қоғамына "Қазақстанның Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі" банктік қызмет көрсету және қаржылай қолдау туралы ұсынысына келісім беру ұсынылсын. <*>

> <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 4-абзацы алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1996.12.25. N 1604 қаулысымен. P961604_

ҚРҰ-нің 1996.12.25. N 1604 қаулысының күші жойылған.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.02.10. N 189 қаулысымен. P970189_

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1997.02.21. N 248 қаулысымен. P970248_

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 6 абзацындағы сөздер алынып тасталған -

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі мен Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің "Қазатомөнеркәсібі" акционерлік қоғамын мынадай мемлекеттік мәселелерді:

Қазақстан Республикасының уран өнеркәсібін дамыту бағдарламасын әзірлеу мен жүзеге асыру;

уран және оның қосылыстарын барлау, шығару, өңдеу, өндіру және сату;

беріліп отырған мүліктік кешеннің аумағында тұрған ядролық материалдарды ұстау мен қамтамасыз етуді жүзеге асыруға қатыстыру жөніндегі ұсынысына келісім берілсін

3. Қазақстан Республикасының геология және жер қойнауын қорғау министрлігі "Қазатомөнеркәсібі" акционерлік қоғамына Уанас, Қанжуған, Оңтүстік және Солтүстік Қарамұрын, Иіркөл, Мойынқұм, Харасан, Буденновское, сондай-ақ Мыңқұдық кен орнының Ақдала және Восточный учаскелерінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге құқығына тиісті лицензияларды белгіленген тәртіппен ресімдесін.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі "Қазатомөнеркәсібі" акционерлік қоғамымен жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге белгіленген тәртіппен қажетті контрактілер жасасын.

5. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті "Қазатомөнеркәсібі" акционерлік қоғамына тиісті жер пайдалану құқығын ресімдесін.

6. "Қазатомөнеркәсібі" акционерлік қоғамын құру процесін жалпы үйлестіру, ядролық-отын циклымен байланысты қолданыстағы міндеттемелерге талдау жасау мақсатында қосымшаға сәйкес құрамда комиссия құрылсын.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті белгіленген тәртіппен:

Жамбыл облысының "Восточное кен басқармасы" және "Батыс кен басқармасы" акционерлік қоғамдарының мемлекеттік акциялар пакетін, оларды тендерде сату үшін, Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін;

<*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақтың 3-абзацы алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1997.02.10. N 189 қаулысымен.

8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай

өзгерістер енгізілсін:

"Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамын қаржылық сауықтыру жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 ақпандағы N 250 қаулысының 8-тармағынан үшінші абзац алынып тасталсын.

<*>

ЕСКЕРТУ. 8-тармақтың 2-13-абзацтары алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1998.02.24. N 130 қаулысымен.

P980130_

ЕСКЕРТУ. 8-тармақтың 2-7-абзацтары алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1999.07.15. N 984 қаулысымен.

P990984_

9. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Д.Т.Дүйсеновке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 22 қарашадағы
N 1430 қаулысына
қосымша

Комиссия құрамы

Қалмырзаев С.С. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы, төраға

Школьник В.С. - Қазақстан Республикасының Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті

Храпунов В.В. - Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрі

Язиков В.Г. - "КАТЭП ҰАК" акционерлік қоғамының

президенті

<*>

Кәкімжанов З.Х. - Қазақстанның Халықтық Банкі
басқармасының төрағасы

<*>

ЕСКЕРТУ. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1997.02.21.

№ 248 қаулысымен.

Р970248_